

А. Хаван* , Н.Ж. Байтенова , А.Д. Құрманалиева , С. Байжума 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aidyngulk@gmail.com

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТҮРКИЯ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Мақалада ойшыл, ғалым, «Екінші ұстаз» Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) Түркия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақтаулы еңбектерінің қолжазбалары туралы айтылып, кейбір қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы беріледі. Ғалым шығармаларының Түркияның сирек кітаптар қоры мен мұрағаттарында сақтаулы қолжазбалары аталып өтіп, қолжазбаларды көшірушілер мен олардың көшірілген мерзімдері, жазу түрі мен қолжазбаларға басылған мөрлердің түрлері көрсетіледі. Көне қазақ даласы – Отырарда дүниеге келіп, ілім іздеп жыраққа кеткен ғалымның шетел мұрағаттары мен кітапхана қорларында сан ғасырлар бойы зерттелмей жатқан жазба мұрасын Қазақстанға оралтуда Түркия қолжазба қорларының рөлі мен маңызы зор екені айтылады.

Мақаланы жазу барысында Түркияның Топкапы, Айясофия, Сүлеймание, Esad Efendi Kütüphanesi, İzmir Halk Kütüphanesi, Fatih Kütüphanesi, Beyazit Devlet Kütüphanesi, Jarullah Kütüphanesi Şehit Ali Paşa Kütüphanesi т.б. электронды кітапхана қорлары пайдаланылды. Соңғы жылдары отандық фарабитану ғылымында қалыптасып келе жатқан соны бағыттардың бірі – дүниежүзі мұрағат қорларынан ғалым Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларының қолжазбаларын жинау (электронды және қолжазба түрінде), табылған нұсқаларды салыстыру, ең толық сақталған нұсқасы негізінде ғалым трактаттарын тікелей араб тілінен аударып жариялау, ғылыми айналымға енгізу бағытында жүргізіліп жатқаны мақалада ғылыми дәлелденеді. Бұндай парадигмалық өзгерістер Әбу Насыр әл-Фараби мұрасының өз Отаны Қазақстанда зерттелеуінің әдістемелік жағынан жетілдіруін, болашақтағы отандық фарабитану саласының негізгі бағыттарын нақты айқындау міндеттерінің дұрыс қойылуын талап ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: Әбу Насыр әл-Фараби трактаттары, Түркия қолжазба қорлары, мөр, таңба, архив құжаттары, электронды кітапхана

A. Khavan*, N. Baitenova, A. Kurmanaliyeva, S. Baizhuma

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aidyngulk@gmail.com

Role and significance of Turkey's manuscript funds in research of heritage of Abu Nasr Al-Farabi

The article tells about the manuscripts of the work of the great thinker, of the academic-Enciclopedist Abu Nasr al-Farabi (260-339 hijri/870-950 miladi), stored in the archival funds and libraries of Turkey, and also gives a scientific description of some of his manuscripts. And the manuscript versions of the work of the scientist are mentioned, stored under different names in the libraries and manuscript funds of Turkey, and the copy makers of the manuscripts and the dates of their copying, the type of handwriting and the types of seals printed in the manuscripts are indicated. Despite the fact that the great scientist was from the ancient Kazakh steppe - from Otyrar, his scientific life took place on the edge. And the article emphasizes the role and importance of Turkey's manuscript funds in returning to Kazakhstan the written heritage of a scientist which has been in a closed state for many centuries.

Дуриңгә әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің электронды кітапханасындағы Топкапы Палацасы кітапханасы, Айясофия, Сүлеймание, Esad Efendi Kütüphanesi, İzmir Halk Kütüphanesi, Fatih Kütüphanesi, Beyazit Devlet Kütüphanesi, Jarullah Kütüphanesi Şehit Ali Paşa Kütüphanesi кітапханаларының қолжазбалары пайдаланылды. Соңғы жылдары отандық фарабитану ғылымында қалыптасып келе жатқан соны бағыттардың бірі – дүниежүзі мұрағат қорларынан ғалым Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларының қолжазбаларын жинау (электронды және қолжазба түрінде), табылған нұсқаларды салыстыру, ең толық сақталған нұсқасы негізінде ғалым трактаттарын тікелей араб тілінен аударып жариялау, ғылыми айналымға енгізу бағытында жүргізіліп жатқаны мақалада ғылыми дәлелденеді. Бұндай парадигмалық өзгерістер Әбу Насыр әл-Фараби мұрасының өз Отаны Қазақстанда зерттелеуінің әдістемелік жағынан жетілдіруін, болашақтағы отандық фарабитану саласының негізгі бағыттарын нақты айқындау міндеттерінің дұрыс қойылуын талап ететінін көрсетеді.

Key words: heritage of Al-Farabi, Turkey's manuscript funds manuscript, scientific description, the electronic library.

А. Хаван*, Н.Ж. Байтенова, А.Д. Курманалиева, С. Байжума
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: aidyngulk@gmail.com

Роль и значимость рукописных фондов Турции в исследовании наследия Абу Насра Аль-Фараби

В статье рассматриваются рукописи произведения великого мыслителя ученого Абу Насра аль-Фараби (870-950 милади), хранящихся в архивных фондах и библиотеках Турции, дается научное описание некоторых его рукописей. В статье упоминаются рукописные версии произведения ученого хранящиеся под разными названиями в библиотеках и рукописных фондах Турции и указаны переписчики рукописей и даты их копирования, виды почерков и виды печатей, напечатанных в рукописях. Несмотря на то, что великий ученый был родом из древней казахской степи – из Отырара, его научная жизнь проходила за пределами его родины. В статье особо обращается внимание на роль и значимость рукописных фондов Турции в возвращении в Казахстан письменного наследия ученого, лежащего в закрытом состоянии на протяжении многих веков.

При написании статьи были использованы материалы из электронной библиотеки Топкапы, Айясофия, Сүлеймение, Esad Efendi Kütüphanesi, Izmir Halk Kütüphanesi, Fatih Kütüphanesi, Beyazıt Devlet Kütüphanesi, Jarullah Kütüphanesi Şehit Ali Paşa Kütüphanesi, которые находятся в Турции. На основе кардинальных изменений в Казахстанском фарабиеведении за последние годы (формирование нового направления в изучении наследия аль-Фараби, поиск и выявление рукописных произведений ученого, сбор и систематизация найденных рукописей, осуществление их перевода с оригинала и переиздание, выявление научных терминов использованных в его произведениях, в результате прийти к новым выводам и т.д..) историко-сравнительные, классификационные методы.

Ключевые слова: Аль-Фараби, рукописные фонды Турции, рукопись, научная характеристика, архив, источниковедение, электронная библиотека.

Кіріспе

Қазақ елі өз тәуелсізін алып, тұғыры биіктеген тұсында халықтың рухани өмірінде де оң өзгерістер орын алғаны белгілі. Тәуелсіздік аясында жүзеге асырылған түрлі мемлекеттік маңызы бар жобалар мен 2020 жылы ЮНЕСКО, ИСИСКО сынды халықаралық ұйымдардың қолдауымен аталып өткен ойшыл әл-Фарабидің (870-950) 1150 жылдық мерейтойы аясында жүргізілген кешенді ғылыми-зерттеулер көне Отырарда туып-өсіп, шығармашылық ғұмырлары жырақта өткен ойшылдардың, ғалымдардың, ұлы тұлғалардың шетел мұрағаттары мен кітапхана қорларында сан ғасырлар бойы зерттелмей жатқан жазба мұраларын Қазақстанға оралтуға зор мүмкіндік туғызды. Сондай тұлғалардың алдыңғы қатарында түркі текті ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) мұрасы тұрғаны сөзсіз.

Ғылыми мақаланың мақсаты ғалымның Түркия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақтаулы еңбектерінің қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын беру.

Зерттеу нысаны – Әбу Насыр әл-Фарабидің Түркия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақтаулы еңбектерінің қолжазбалары.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы. тарихи-салыстырмалы, жіктеу мен классификациялық әдіс-тәсілдер, сипаттау, талдау, тарихи-хронологиялық, аударма әдістері қолданылды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Әлем мұрағаттарындағы қазақ тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, дініне, діліне қатысты мәліметтерді жинау, анықтау және қолжазбалардың көшірме нұсқаларын алу, жазба деректерді оқу, ғылыми айналымға енгізу, олардың қазақ өркениеті мен руханиятындағы орнын анықтау бағытында ауқымды да табысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын отандық тарихшы, деректанушы, мәдениеттанушы, философ, филолог сынды түрлі ғылым саласындағы ғалымдар бірлесіп атқарып келеді.

2020 жылы дүниежүзінде аталып өткен Әбу Насыр әл-Фараби жылы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Мысыр Араб Республикасындағы (Каир қаласы) ЖОО Каир университетінде «Әл-Фараби» атын-

дағы ғылыми орталықтың ашылуына қатысып, «Архив-2025» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ойшыл еңбектерінің библиографиясына қатысты бірқатар жұмыстар атқарып қайтқан болатын.

Ғалым, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттары мен ғылыми еңбектері баға жетпес бай мұра. Ойшылдың трактаттары әуелі қолжазба, кейін кітап етіп басылып шыққан күйінде әлемнің жеке мұрағаттары мен кітапхана сөрелерінде сандаған ғасыр бойы жабулы күйінде жатты. Белгілі фарабитанушы ғалым Ибраһим Мадкурдың (1924-2007): «Қырық жыл тіпті одан да көп уақыттан бері әл-Фарабимен бірге жасап келемін, бұл әрине, аз уақыт емес. Сонда түсінгенім, оның оқу мен ізденуден бір сәт те қол үзбегеніне қарамастан, заманы оны елеусіз қалдырып, бағасын беруде әділдік танытпаған екен. Ал шығармалары белгісіз қолжазбалар күйінде дүниенің төрткүл бұрышына шашырап кетті» (Мадкур, 1983:5), – деген жазбасы ойшыл еңбектерін зерттеп, зерделеудің уақыты жеткенін аңғартады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ізбасарлары Әбу Әли ибн Сина (990-1037) мен ибн Рушд (1126-1198) француздық ғалым Диляс Ольбири (*Dilyas O'Leary*) әділ атап өткендей «...еңбектеріндегі кез-келген идеялардың түпкі мәні әл-Фарабидің ілімінде» (Dilyas, 1952:35) жатқанымен, аталған екі ғалымның есімі 12-ғасырда Батыс дүниесінде айтарлықтай әйлігі болды. «...ибн Синаның философияға сіңірген еңбегі Екінші Ұстаздың ислам философиясы туралы айтқан ойларын түсіндіруінде, дамытуында, әл-Фарабиді танытуында» (Мадкур: 1983:7) болса да, әл-Фарабиден қарағанда ол «XI ғасырдан бастап мұсылман қоғамында фәлсафалық ізденістердің алдында тұрды, шығармалары көптеген зерттеулерге арқау болды», – дейді Мадкур (Мадкур, 1983:8). Италияндық философ-ғалымдар Джованни Реале (*Giovanni Reale*) және Дарио Антисери (*Dario Antiseri*) де «XI ғасырда өмір сүрген еуропалық теологтар мен ғалымдардың назарында аристотелизмнің алғашқы жүйелі негізін ұсынған... олар барынша беделді деп санап келген ибн Сина Аристотель философиясына толыққанды, жалғыз авторлық түсініктеме беруші болды» (Реале: 1994:120), – деп түсіндірме береді.

Қазақстанда XX ғасырдың 60-жылдарынан басталған отандық фарабитану ғылымы қазіргі күнге дейін ортағасырлық түркі текті ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің жекелей алғанда ғылыми,

тұтастай алғанда энциклопедиялық бай мұрасын кең ауқымда зерттеп, ғалым еңбектерінің дәл де, нақты бағасын көрсете білді. XIX ғасырдың орта ширегіне дейін кез-келген жазба мұралардың қолжазба күйінде сақталып келгені белгілі. Бұл туралы өзбек ғалымы М.Хайруллаев былай дейді: «Әдетте, қолжазба еңбектер арнайы тапсырыспен тек бір ғана нұсқада жазылды. Бір шығарманың бірнеше нұсқасы да кездесіп отырады, бірақ олар көп жағдайда, әртүрлі адамдар арқылы әр кезеңдерде жазылды. Еңбектерді кітап етіп бастырып шығару ісі болмағандықтан, көптеген қолжазбалар бүкіл әлемге шашырап, кейбірі жоғалып, кейбірі әлі күнге дейін табылмай келеді» (Хайруллаев М., 1967:15). Бүгінгі ғылым ойшылдың еңбектерінің жазба нұсқалары әлемнің төрткүл бұрышында сақтаулы екенін анықтауда. Ойшыл еңбектерінің қолжазбалары ең көп таралған елдердің көшбасында бүгінгі араб елдерімен қатар, Түркия Республикасының тұрғанын ерекше атап өткен жөн.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Түркияның бірқатар жоғары оқу орындары мен мемлекеттік мұрағаттары, кітапханалары мен қолжазба орталықтарында Әбу Насыр әл-Фарабидің кейбірі жарық көрген, кейбірі әлі де ешбір жерде жарияланбаған еңбектері сақталған. «Түріктер ондай асыл дүниелерді ұзақ ғасырлар бойы Таяу және Орта Шығыстың мәдени, ғылыми, рухани орталықтары Бағдад пен Басра, Дамаск пен Халаб, Мекке мен Мадина, Каир мен Тунистен жинаған. Өйткені, 1517 жылдан бастап аталмыш шаһарлар түріктер құзырында болды. Түркиядағы түрлі қорларда сақтаулы қазақ даласы перзенттерінің жазба дүниелерін мерзіміне қарай сөз етер болсақ, әуелі әрине Отырар ұландары бірінші орында тұрады. Фарабтықтардың түрлі тақырыптарды сөз ететін араб және түрік, парсы, ағылшын тілдеріне аударылған еңбектері өз алдына бір төбе. Солардың ішінде энциклопедист ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) бастаған отырарлық ойпаздардың орны бөлек» (Дербісәлі, 2008:13).

ISAM (İslam Araştırmaları Merkezi)

Түркиядағы ірі кітапхана қорларын ислам өркениеті мен мәдениетіне қатысты еңбектер, қолжазбалар мен тың деректер сақталған ISAM бастап тұр. ISAM да әл-Фараби мұрасының Түркия кітапханаларында, мұрағат қорларында сақталған еңбектерінің қолжазбалары мен кітап етіп басылып шыққан нұсқаларының электронды каталогы жасалған. Ғалымның кез-келген еңбегінің қай кітапханада, қандай инвентарлық

нөмірмен тіркеулі екенін білуге, бағалы кітаптары мен қолжазбаларының электронды көшірмесін алуға барынша мүмкіндік осы ISAM да жасалған. «...ондағы қолжазбалар каталогі компьютерге түсірілген, көшірмелерін дайындап бере алады. Жалпы Түркияның ислам саласындағы зерттеуді жеңілдету, ынталандыру жолында техника мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану өзгелерге үлгі деуге болады. Соның бір дәлелі – кітапханаларында сақталған бағалы кітаптар мен қолжазбалардың электронды көшірмесін тез жасатып алу мүмкіндігі. ISAM-да орындалып жатқан игілікті жұмыстардың бірегейі – көп томды Ислам энциклопедиясының қазірдің өзінде 38 томының шығып үлгеруі (Дербісәлі, 2008:17).

Топкапы сарайы кітапханасы (Торкари Сарай Müzesi Kütüphanesi)

Түркияның Стамбул қаласында орналасқан Топкапы мұрағатынан Әбу Насыр әл-Фарабидің көпшілік еңбектерінің қолжазбаларын табуға болады. Солардың бірі – 1730 инвертарлық нөмірлі Emanet Hazinesi (Торкари sarayı) бөлімінде әл-Фарабидің 21 трактатының қолжазбасы сақталған. Жинақ ашық қоңыр түсті, тері тыспен қапталған. Көлемі 14X26.5 (8.5 X18) см. Насх жазуымен анық етіп көшірілген. Ол еңбектердің тізімі төмендегідей:

1. *Uyun al-masail li-l Farabi* (عيون المسائل للفارابي)
2. *Risala fi-tibb* (رسالة في الطب)
3. *Yasuh ya ma la yassuh ahkam an-nujum* (يصح و ما يصح أحكام النجوم)
4. *Risala fi-l mabadi allati biha qauam al-ajsam ua al-grad* (رسالة في المبادئ التي بها قوام الأجسام والأعراض)

5. *Maqala bi agrad al-kitab ma bagda at-tab-iga Li Aristotelais* (مقالة بأعراض الكتاب ما بعد الطبيعة لأريسطوطليس)
6. *Masail mutafarriqa* (مسائل متفرقة شئنا عنها شيخ أبي نصر الفارابي)
7. *Risala fi magani aql li Abi Nasr al-Farabi* (رسالة في معاني العقل لأبي نصر الفارابي)
8. *Risala fi isbat al-mufaaraqat* (رسالة في إثبات المفارقات)
9. *Risala fi jamg bayna rayi Aflatun ua Aristo* (رسالة في جمع بين رأي أفلاطون و أريسطو)
10. *Risalat al fusus* (رسالة الفصص)
11. *Tahsil as-sagada* (تحصيل السعادة)
12. *At-tanbih ala sabil as-sagada* (التنبيه على سبيل السعادة)
13. *Mabadi ara ahl al-madina al-fadila* (مبادئ آراء أهل المدينة الفاضلة)
14. *Kitabu-l ibara* (كتاب العبارة)
15. *Muhtasar al-asgar fi-qias* (مختصر الأصغر في القياس)
16. *Muqaddimat allati qabla fusul al-hamsa* (مقدمات التي قبل الفصول الخمسة)
17. *Ihsa al-ashya allati anha iataallaf al-qadaya* (إحصاء الأشياء التي عنها يتألف القضايا)
18. *Kitabu-l maqulaat* (كتاب المقولات)
19. *Analutiqa al-auual* (انالوطيقا اول)
20. *Kitab-ul burhan* (كتاب البرهان)
21. *Tagrif sinagat al-jadal* (تعريف صناعة الجدل)

Осылардың ішінен ойшылдың *Risala fi-tibb* (Медицина жайлы трактат) еңбегі отандық фарабитану ғылымында арнайы зерттеу нысанына алынбаған, ғылыми айналымға түспеген тың еңбек. Трактат мәтінін алғаш рет түрік ғалымы Фуат Сезгин (Fuat Sezgin) 1960 жылы «*Üç macnuat ar-rasail*» (Үш трактаттар жинағы) атты мақаласында жариялады (Сезгин, 1960:3).



1-сурет – Әбу Насыр әл-Фарабидің *Risala fi-Tibb* (رسالة في الطب) трактатының қолжазбасы (Топкапы мұрағаты)

Бұдан өзге, Топкапы мұрағатының Ahmed III бөлімінде 3185/4 нөмірімен әл-Фарабидің "المقالة في السياسة" (Саясат жайлы шығарма) трактатының қолжазбасы сақтаулы. Ойшылдың бұл трактаты бірқатар авторлардың еңбектері енген жинақта сақталған (ғалымның шығармасы 241-263 парақтар арасында көшірілген).

Аталған жинақтың парақтары сарғыш келген көне, сыртқы тысы сұры қағазбен тысталған. Қолжазбаның бірінші парағында үш мөрлі таңба басылған. Жинақ *наسخ* жазу түрімен, ірі-ірі әріптермен айқын жазылған. Кей әріптер ноқатсыз берілген. Көшірілген уақыты *хижри* 884 екені көрсетілген.



2-сурет – Топкапы мұрағатындағы Әбу Насыр әл-Фараби еңбегінің бірінші парағы (241 п/А/Б)

Ойшылдың Топкапы сарайында 3195/5 инвентарлық нөмірлі "الموعظة" (Уағыз) атты келесі бір еңбегі сақтаулы. Хатқа түскен уақыты – *хижри* 879/1501 жыл делінген. Көшіруші *Шамс әд-Дин әл-Қудси* деп көрсетілген.

Айясофия кітапханасы (Ayasofya Kütüphanesi)

Стамбулдағы бұл кітапхана 1740 жылы (1152 *хижри*) сұлтан Махмуд I (Осман империясы) билігі кезінде салынған. Кітапхана қорында 4000 нан астам қолжазбалар мен кітаптар сақталған. Ол еңбектердің төрт бөлімнен тұратын каталогы жасалған: үшеуі қолжазба еңбектерге арналса, бір каталог Осман империясы кезінде баспа бетін көрген кітаптарға арналған. Айясофиядағы қолжазбалар мен кітаптар 1968 жылы Стамбулдағы Сүлеймания кітапханасына (Süleymaniye Kütüphanesi) өткізілген.


Отырарлық ойшылдың трактаттарының көптеген нұсқалары осында сақталған. Бір еңбегінің бірнеше қолжазбасын да осы жерден табуға болады. Мысалы ғалымның «Әл-Мауъиза» деп басталатын еңбегі 2818/1 нөмірімен Айясофияда сақтаулы. Шығарма 684 *хижри*/1306 *милад* (7/13 ғасыр) көшірілген (*наسخ*). Парақ пішіні – 145x85, 100x60. Көшіріген қатар реті –17. Көшірушісі белгісіз.

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбегі жинақтың 104-113 беттерінде кездеседі. Шығарма соңы "و قال لَمَّا سُئِلَ بِمَاذَا يَنْتَقِمُ الْإِنْسَانُ مِنْ أَعْدَائِهِ وَ بَأَيِّ شَيْءٍ يَغِيظُهُمْ قَالَ بَانَ تَزَادَ فَضْلًا. تَمَّتْ وَصَايَا الشَّيْخِ أَبِي نَصْرٍ" (Ayasofya, 113 п/А) деп аяқталады.

Айясофиядағы түркі ойшылына тиесілі келесі бір жинақ "مجموعة رسائل أبي نصر الفارابي" (Әбу Насыр әл-Фараби трактаттарының жинағы) деген атпен сақтаулы тұр. Мұнда ғалымның алты трактатының қолжазбасы енген. Жинақтың сыртқы мұқабасы қара терімен тысталған. Жазу түрі – *таълиқ*. Көлемі – 178x128, 110x65. Көшірушінің аты-жөні көрсетілмеген. Бет саны – 104.

Жинақтағы трактаттардың атау төмендегідей:

1. *Uyun al-Masail* (عيون المسائل)
2. *Risala fi anna al-uahid iuqal ala anha kasir* (رسالة في أن الواحد يقال على أنحاء كثير)
3. *Risala fi asnaf al-mabadi allati biha qauam al-ajsam ua-l agrad* (رسالة في أصناف المبادئ التي بها قوام الأجسام و الأعراض)
4. *Risala fi isbaat al-mufaraqaat* (رسالة في إثبات المفارقات)
5. *Tafsir kitab al-madhal fi-l mantiq* (تفسير كتاب المدخل في المنطق)
5. *Kitab as-siyasa al-madaniya* (كتاب السياسة المدنية)



3-сурет – Жинақтағы әл-Фарабидің «عيون المسائل» «Мәселелер мәні» трактатының алғашқы парағы

Сүлеймания қолжазбалар кітапханасы (Süleymaniye Yazma Eser Kütüphanesi)

Түркиядағы бүкіл Таяу Шығыс пен Орта Азия елдерінен әкелінген қолжазбалар сақталған кітапхана-мұрағаттардың қатарында Сүлеймания кітапханасының орны ерекше. Негізі 1557 жылы қаланған кітапханада ҮШ-ХІХ ғасырларға тән шығыстық бағыттағы 73 мыңнан астам құжаттар мен қолжазба еңбектер, 50 мыңнан астам баспа бетін көрген кітаптардың ірі қоры сақталған. Кітапханада Отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің бірқатар нұсқалары мен әлі де жарық көріп үлгермеген еңбектері қолжазба күйінде сақтаулы тұр.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» қала тұрғындарының көзқарастары» (آراء أهل المدينة الفاضلة) еңбегі ғалымның шоқтығы биік шығармаларының қатарынан саналады. Сол еңбегінің "فصول مبادئ آراء أهل المدينة الفاضلة" (Қайырымды қала тұрғындары көзқарастарының негіздері бөлімдері) атты алты бөлімінің әлемдегі жалғыз қолжазбасы 674 инвентарлық нөмірмен осы Сүлейманияда сақтаулы. Жинақтың көлемі – 11x19 см (1/2 13 x5), парақ саны – 67.

Сондай-ақ, Сүлеймания кітапханасының Ашир Әфәнді бөлімінде "كلام أبي نصر الفارابي في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" деген атпен әл-Фарабидің бір еңбегінің қолжазбасы сақтаулы. Жинақтың парақ саны – 143. Көшірілген уақыты белгісіз. Жинақтың сыртқы мұқабасы қызыл күрең түсті терімен тысталған. *Насх* үлгісінде көшірілген. Парақтары ескі, сары түсті. Жинақтың

көлемі – 801,5×601,1 мм. Көшіруші *ал-Һауит* делінген.

Ойшыл әл-Фараби шығармаларының қолжазбалары сақтаулы Түркия мұрағат қорларының қатары бұл ғана емес. Елдегі бұдан өзге қолжазба қорлары мен кітапханаларынан ойшыл еңбектерінің кез-келген нұсқаларын ұшыратуға болады. Ол мұрағат қорларының қатары төмендегідей:

1. Esad Efendi Kütüphanesi
2. Izmir Halk Kütüphanesi
3. Fatih Kütüphanesi
4. Beyazıt Devlet Kütüphanesi
5. Jarullah Kütüphanesi
6. Küpülü Kütüphanesi
7. Şehit Ali Paşa Kütüphanesi
8. Aşir Afendi Kütüphanesi
9. Faydullah Afendi Kütüphanesi
10. Kiliç Ali Paşa Kütüphanesi

Қорытынды және тұжырымдама

Түркі даласының ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің Түркиядағы түрлі қорларда сақтаулы еңбектерінің қолжазбалары туралы сөз еттік. Негізінен Түркия кітапханаларында әл-Фарабидің философия, логика, музыка, ахлақ және т.б. қатысты еңбектері сақталған. «Түрік ғалымдары ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап Отырар перзенті еңбектерін жиірек зерттеп, түрік тіліне аударғаны байқалады. Түркияның қолжазбалар қорында Әбу Насыр әл-Фарабидің Иранның бірқатар мұрағаттарында

кездесетін біраз дүниелері де бар. Олардың бірнешеуін өткен ғасырдың 90-жылдары сол кездегі Ирандағы елшіміз Мырзатай Жолдасбеков Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне сыйлағанын есімізде. Түркия қолжазба қорларында Отырар перзентінің бізге бұрын-соңды белгісіз болып келген «Тарих бойынша йаһуди мәселелері» атты шығармасы да ұшырасты. «Ақыл (парасат) жайлы» атты 1971 жылы Бейрутта шыққан трактаты «Түрік тарих ұйымы» кітапханасында, сондай-ақ, оның «Риторика» жайлы еңбектері туралы француз тілінде жазылған зерттеу (1971) және «Китабу-л хуруф» («Әріптер жайлы кітап») атты еңбегі туралы Маһди Мухсиннің Бейрутта 1970 жылы шыққан монографиясын да осы қордан көрдік» (Дербісәлі, 2008: 20). Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниежүзіне шашырап кеткен жазба мұрасы әркез ғалымдардың назарында болып келеді. Себебі ортағасырда-ақ, еңбектері түрлі тілдерге аударылып басылып шыға бастаған ғалым трактаттарының құндылығы барған сайын арта түсетіні сөзсіз.

Ғалым мұрасын зерттеулі деген мәселеде түрік ғалымдарының еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Түрік фарабитанушысы, ғалым Ахмет

Әтеш (1917-1966) «Фараби шығармаларының библиографиясы» («Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası») атты көлемді мақаласында Әбу Насыр әл-Фарабидің жүзге тарта еңбегінің тізімін көрсеткен (Атеş; 1951: 57). Сонымен қатар, анкаралық қос ғалым Gumbur-İs-met ve Binark-Nezhat Seferzhioğlu (Sefercioğlu, 1973) әзірлеген библиографиялық көрсеткіш отырарлық ойшылының бірқатар еңбектерін атап келтірген.

Аталған зерттеулердің барлығы дерлік көне қазақ даласы – Отырарда туып-өскен, түркі текті ғұлама ғалым, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің шетел мұрағаттары мен кітапхана қорларында сан ғасырлар бойы зерттелмей келе жатқан жазба мұрасының жарыққа шығуына, сөйтіп өз Отаны Қазақстанға оралуына Түркия қолжазба қорларының рөлі мен маңызы зор екенін көрсетеді.

АЛҒЫС

Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (AP19676515 «Әл-Фараби және түркітанушылар мұрасындағы ізгі адам: компаративистік дискурс») жобасы негізінде қаржыландырылған.

Әдебиеттер

- Ahmed Ateş. Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası [Фараби шығармаларының библиографиясы]. Анкара, С. XV, S. 57, 195. Әл-Фараби философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: 2006. Т.2. 12 б.
 Дербісәлі А. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. Алматы: Жазушы, 2008. – 210.
 Дильяс Олири. Әл-фикр ал-араби (Арабское мнение) Каир: Даират әл-маариф әл-исламийа, 1952.
 Ибраһим Мадкур. Ал-Фараби байна ал-йаум уа-л амс Әбу Наср әл-Фараби фи-з зикр әл-алфия ли уафатиһи (Аль-Фараби сегодня и вчера. Абу Наср аль-Фараби. 1000 лет со дня смерти) /Ибраһим Мадкур (ред). Каир: Дар-ул кутуб, 1983. С. 5-15.
 Реале Жд., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. 2.т. Средневековье. Спб; Москва: ТОО Петрополис, 1994.
 Хайруллаев М.М. Абу Насыр аль-Фараби. –Ташкент: Изв-до АН Уз ССР, 1961.-С.8.
 Fuat Sezgin. Üç macmuat ar-rasail. Islam Tetkikleri dergisi. İstanbul üniversitesi Edabiyat Fakültesi yayınları. 1958. S.3.
 Müjgân Cunbur-İsмет Binark-Nejat Sefercioğlu, Fârâbî Bibliyografyası, Kitap- Makale (Doğumunun 1100'üncü Yıldönümü Münasebetiyle), Ankara 1973.

Архив деректері

- Айя София қолжазбасы (4855)
 Айя София (2818/1)
 Айя София (1747)
 Айя София (1957)
 Süleymaniye Kütüphanesi Aşir Efendi (286)
 Торқары Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III қолжазбасы (3185/4)
 Торқары Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III қолжазбасы (3195/5)

References

- Al-Farabi filosofiyasy. Qazaq halqynyñ filosofıyalyq mirası. – Astana: 2006. Vol. 2. 12 p. (In Kazakh)
 Derbisali Absattar. (2008). “Islamnin zhauharlary men zhadigerliktery” [Masterpieces and relics of Islam]. Almaty, Zhazushy, 2008. (In Kazakh)

Dilyas, O'Leary (1952). Arab opinion. Al-fikr al-arabi. Cairo: Dairat al-maarif al-islamiya, (in Arabic).

Ibrahim, Madkur (1983). Al-Farabi today and yesterday. Abu Nasr al-Farabi. 1000 years from the date of death. Al-Farabi bayna al-yaum wa-l-ams. Abu Nasr al-Farabi fi-z dhikr al-alfia li wafatihi. Cairo: (in Arabic), pp. 5-15.

Giovanni Reale, Dario Antiseri (1994). Western Philosophy from the Beginnings to the Present Day. Vol. 2. Middle Ages. St. Petersburg; LLP Petropolis. (In Russian)

Hayrullayev M.M. (1967). "Myrovozrenye Farabi i ego znachenye v istiry philosophy" [Farabi 's worldview and its significance in the history of philosophy]. Tashkent: Kamalak, pp. 15-16. (In Russian)

Fuat Sezgin. Üç macmuat ar-rasail. Islam Tetkikleri dergisi. İstanbul üniversitesi Edabiyat Fakültesi yayımları, 1958, p. 3. (In Turkish)

Müjgân Cunbur-İsmet Binark-Nejat Sefercioğlu, Fârâbî Bibliyografyası, Kitap-Makale (Doğumunun 1100"üncü Yıldönümü Münasebetiyle), Ankara 1973. (In Turkish)

Archive Sources

The Ayasofya manuscript (4855)

The Ayasofya manuscript (2818/1)

The Ayasofya manuscript (1747)

The Ayasofya manuscript (1957)

Süleymaniye Kütüphanesi Aşir Efendi (286)

The Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III manuscript (3185/4)

The Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III manuscript (3195/5)